

**ПРОТОКОЛ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ ПО ПРОЕКТУ  
«Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для  
месторождения «Юго-Западный Карабулак» АО «Петро Қазақстан Құмкөл  
Ресорсиз» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ),  
Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного  
экологического контроля (ПЭК), План мероприятий по охране окружающей среды ,  
РООС».**

1. Наименование местного исполнительного органа административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения) или аппарата акима соответствующей административно-территориальной единицы (сел, поселков, сельских округов), на территории которого осуществляется деятельность, или на территорию которого будет оказано влияние: **ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Улытауской области, Улытауская область, Улытауский район, КГУ "Аппарат акима сельского округа Жангелди»**

2. Предмет общественных слушаний: **«Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения «Юго-Западный Карабулак» АО «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ПЭК), План мероприятий по охране окружающей среды , РООС».**

3. Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения) или аппарата акима соответствующей административно-территориальной единицы (сел, поселков, сельских округов), в адрес которого направлены документы, выносимые на общественные слушания: **РГП на ПХВ «информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» МЭГТР РК (<https://ndbecology.gov.kz> через портал) Управление по регулированию природных ресурсов и природопользования Улытауской области**

4. Местонахождение намечаемой деятельности (полный, точный адрес, географические координаты территории участка намечаемой деятельности: **В административном отношении месторождение Юго-Западный Карабулак расположено в Улытауском районе Улытауской области. В географическом отношении площадь работ расположена в южной части Тургайской низменности, в северо-западной части Арысқумского прогиба. Угловые координаты месторождения: 46.6784 с. е.; 64.7083 ш. б**

5. Наименование всех административно-территориальных единиц, затронутых возможным воздействием намечаемой деятельности: **Улытауская область, Улытауский район, с. Байқонур**, (перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности и на территории которых будут проведены общественные слушания)

6. Реквизиты и контактные данные Инициатора: **АО "Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз" БИН 940540000210. Юридический адрес: Республика Қазақстан, г. Қызылорда, ұл. Қазыбек Би, 13.**

7. Реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы. **ТОО «Казинжэкопроект» БИН 250840016005. Юридический адрес: РК., г.Кызылорда, ул.Бегим Ана, д. 12, офис 33, тел: 8-701-112-60-99, e-mail: kazinzhekoproekt@mail.ru.**

8. Дата, время, место проведения общественных слушаний (дата(-ы) и время открытого собрания общественных слушаний): **16.04.2026 года 17:00. Дата и время регистрации 16:40. Время начала общественных слушаний: 17:00, окончание слушаний 17:40. Адрес места проведения слушаний: Улытауская область, Улытауский район, Жангильдинский с.о., с.Байконур, ул.Рыскулова, №10 . Онлайн через приложение Zoom**

**Ссылка на контакт в интернете:**

**<https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjDbWdPXlrlhHLY962uEJAj1LLBCv60.1&omn=81875955541>**

**Идентификатор конференции:679 067 4661**

**Код доступа: 76ePza.**

9. Копия письма-запроса от Инициатора намечаемой деятельности и копия письма ответа местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы), о согласовании условий проведения общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний. **Приложение 1.**

10. Регистрационный лист участников общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний. **Приложение 2.**

11. Информация о проведении общественных слушаний распространена на казахском и русском языках следующими способами:

1) на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> дата публикации 24/02/2026 г. Регистрационный номер 26412462001;

2) На официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа (области, города республиканского значения, столицы) или на официальном интернет-ресурсе государственного органа-разработчика <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr/contacts?lang=kk>

3) В средствах массовой информации, в том числе, не менее чем в одной газете, и посредством не менее чем одного теле- или радиоканала, распространяемых на территории соответствующих административно-территориальных единиц, полностью или частично расположенных в пределах затрагиваемой территории, не позднее чем за двадцать рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний:

**В печати: газета «Ulytau» опубликована 7.03.2026 г. №9 (6569). Отсканированные титульные страницы газеты и страницы с объявлением о проведении общественного слушания представлены в Приложении 3 к протоколу**

(указать наименование, номер и дату публикации объявления в газете, а также представить сканированное объявление, содержащее отсканированный титульный лист газеты и страницу с объявлением о проведении общественных слушаний)

**Телеканал «Ulytau» выдан 11.03.2026 г №038/7. Эфирные материалы представлены в Приложении 4 к протоколу**

4) в местах, доступных для заинтересованной общественности на территории соответствующих административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения, сел, поселков, сельских округов) :

**Доска объявлений размещена в здании поселкового Дома культуры с.Байконур, ул.Рыскулова, №10. Фотоматериалы представлены в Приложении 5 к настоящему протоколу общественного слушания.**

12. Решения участников общественных слушаний: Секретарем общественного слушания был избран единогласно **Есина А.**

Проголосовали "за" – 11 чел, "против" – 0 чел, "воздержались"- 0 чел.

Регламент утвержден единогласно: Рассмотрение материалов в форме доклада. Предлагаемый доклад – 15 мин. Вопросы-ответы. Все желающие могут задавать вопросы докладчику и высказывать свое мнение по проекту. Предлагаемый регламент – 10 мин. Подведение итогов и закрытие общественных слушаний. Предлагаемый регламент – 5 мин.

Проголосовали "за" – 11 чел, "против" – 0 чел., "воздержались"- 0 чел.

13. Сведения о всех заслушанных докладах: *Бекеева А, инженер-эколог ТОО «Казинжэкопроект», ознакомила с презентацией по проекту «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения «Юго-Западный Карабулак» АО «Петро Қазақстан Кұмкөл Ресорсиз» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ПЭК), План мероприятий по охране окружающей среды , РООС). Проект презентовала Бекеева А, инженер-эколог ТОО «Казинжэкопроект»на государственном языке.*

Доклад- 4 страницы, презентация-19 слайдов.

Тексты докладов по документам, представленным на общественное слушание, представлены в Приложении 6 к настоящему протоколу общественного слушания

14. Сводная таблица, которая является неотъемлемой частью протокола общественных слушаний, и содержит все замечания и предложения заинтересованных государственных органов и общественности, представленные в письменной форме в соответствии с пунктом 18 настоящих Правил или озвученные в ходе проведения общественных слушаний; ответы и комментарии Инициатора по каждому замечанию и предложению. Замечания и предложения, явно не имеющие связи с предметом общественных слушаний, вносятся в таблицу с отметкой "не имеют отношения к предмету общественных слушаний"

Сводная таблица замечаний и предложений, полученных до и во время проведения общественных слушаний			
№	Замечания и предложения участников (фамилия, имя и отчество(при наличии) участника, должность, наименование представляемой организации)	Ответы на замечания и предложения (фамилия, имя и отчество (при наличии) отвечающего, должность, наименование представляемой организации)	Примечание (снятое замечание или предложение, «не имеет отношения к предмету общественных слушаний»)
-	-	-	-

Замечаний и предложений от участников не поступало.

15. Мнение участников общественных слушаний о проекте и качестве рассматриваемых документов (с обоснованием), заслушанных докладов на предмет полноты и доступности их понимания, рекомендации по их улучшению: предложения не было.

16. Обжалование протокола общественных слушаний возможно в судебном и досудебном порядке согласно Административному процедурно-процессуальному кодексу Республики Казахстан.

17. Председатель общественных слушаний:

Жігіс Олмас Досболатулы Бас маман «Шалкелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ. 16.04.2026ж. Жігіс

16.04.2026 ж. Жігіс

18. Секретарь общественных слушаний:

Семия АС 700 Жарықтас көпестің Жалғаш

16.04.2026 ж. Сағ

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 26412462001, Дата: 24.02.2026

---

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

---

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: область Ұлытау, Ұлытауский район, Жангильдинский с.о., с.Байконур

---

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения «Юго-Западный Карабулау» АО «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ПЭК), План мероприятий по охране окружающей среды, РООС».

---

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Ұлытау, Ұлытауский район, Жангильдинский с.о., с.Байконур ул.Рыскулова. 5, 16.04.2026 17:00

---

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности ( км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Ұлытау өңірі; Ұлытау облыстық телеведениесі

---

*(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

доска объявлений

---

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением

итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»  
"ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз" Акционерлік Қоғамы (БИН: 940540000210), +7(777)-878-08-06, mansur.zhumabekov@petrokazakhstan.com

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 26412462001, Дата: 25.02.2026

---

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №26412462001, от 24.02.2026 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения «Юго-Западный Карабулак» АО «Петро Казакстан Құмкөл Ресорсиз» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ПЭК), План мероприятий по охране окружающей среды, РООС», в предлагаемую Вами 16.04.2026 17:00, область Ұлытау, Ұлытауский район, Жангильдинский с.о., с.Байконур ул.Рыскулова. 5(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

---

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».


«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

""ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз"" Акционерлік Қоғамы (БИН: 940540000210), +7(777)-878-08-06, mansur.zhumabekov@petrokazakhstan.com

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*





# Ұлытау

БЕРЕКЕ — БІРАКТЕ!

№9 (6569)

Сенбі

7 наурыз

2026 ЖЫЛ

Газет 1940 жылдан бастап шығады

Аймақтық қоғамдық-саяси апталық

Мереке шуағы



## Асыл жандар – құрмет биігінде



Қайрат ЖҰМАБАЙ

**Көктемнің керікті мерекесі – Халықаралық әйелдер күнін ұлытаулықтар да жоғары деңгейде атап өтті. Мерекелік шарада жүрекжарды лебіздер әйелдер қауымына арналып, асыл жандар алқызыл гүлге оранды. Жиында аудан әкімі Аманжол Мырзабеков пен Ахат Құрмансейітов бастаған ер азаматтар зал толы қыз-келіншектерге, әйел-аналарға гүл шоқтарын ұсынды.**

Салтанатты жиынды аудан басшысы Аманжол Мырзабеков құттықтау сөзімен ашты.

– Ана өмірдің бастауы, мейірімнің бұлағы. Сіздер, еліміздің көркеюіне белсене атсалысып, барлық салада абыройлы жұмыстарыңызбен көпшіліктің құрметіне бөленген жандарсыздар. Кешегі тарих пен бүгінгі биігіне көз тастасақ, ақжаулықты әжелеріміз бен ардақты аналарымыздың түрлі қиыншылықтарды бастан өткеріп, еңсергенін көреміз. Ауданның сан-салалы кәсібінің тұрмыс-тіршілігінің басы – қасында жүрген қыз-келіншектерге, көпбалалы аналарға ерекше құрметпен қараймыз, – деді Аманжол Батырбекұлы.

Сөз соңында аудан әкімі ҚР Президентінің 2026

жылғы 29 қаңтардағы № 1164 Жарлығына сәйкес, көпбалалы аналар Данагүл Айтжановаға «Алтын алқа» белгісін, Дидара Әбдрахмановаға «Күміс алқа» белгісін табыс етті. Бұдан кейін өңір экономикасының өсуіне елеулі үлес қосып, әр салада жемісті еңбек етіп жүрген нәзік жандылар құрмет биігінен көрінді. Ұлытау ауылының ардагер-ұстазы Шолпан Жалғабекова, №1 Ұлытау тірек мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Нұргүл Әлиева, Жезді кенті аралас мектеп-интернатының тарих пәні мұғалімі Венера Еділбаева – Ұлытау ауданының Құрмет грамотасымен марапатталды.

→ 3-бет

# 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!  
Важен голос каждого из нас!

ELECTION.GOV.KZ

### Дауыс беруге арналған бюллетень

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ, оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

### Аяулы аналар! Құрметті қыз-келіншектер!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Халықаралық әйелдер күні – барлық адамзатқа тамаша көңіл-күй, жақсылық пен жаңару үмітін сыйлайтын өміршең мерекелердің бірі.

Әлемнің бар мейірімі, тіршіліктің қайнар көзі, адамгершіліктің бастауы – әйел затының аялы алақанында. Отанға деген сүйіспеншілік, қайырымдылық пен іңкәрлік баршамыздың бойымызға қасиетті ана сүтінің арқасында дарыған.

Сіздер отбасының ұйытқысы бола отырып, өскелең ұрпақты – еліміздің нағыз отансүйгіш ұл-қыздарын тәрбиелейсіздер. Халықтың салты мен дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа қастерлеп жеткізуге дәнекер боласыздар. Бізді, ер азаматтарды, ерлікке, лайықты қадамға әрі шығармашылыққа жетелейтін де – нәзік жандар.

Әйелдер қауымының еңбексүйгіштігі, өз кәсібіне деген

құштарлығы түрлі саладағы оңды істерге серпін беруде. Қазіргі күні нәзік жандар мемлекеттік маңызды қызметтерге басымыз жасап, шағын және орта бизнесерге жетекшілік етіп келеді. Олар аудандағы материалдық және рухани құндылықтардың жетіліп, жаңаруы үшін аянбай еңбек етуде. Бір сөзбен айтқанда, әйелдер қауымын қадірлеу мен аялау – қастерлі борыш.

Сіздер тек отбасының ұйытқысы ғана емес, сонымен қатар, табысты іскерлік қызметті де ілгері бастырып келесіздер. Аудан экономикасының өркендеуіне қосып отырған үлестеріңізге қомақты.

Айналага ізгілік пен мейірім шуағын шашып, біздің баршамызға шаттық сыйлап жүрген Сіздерге айтар алғысымыз шексіз. Осынау шуақты мерекеде баршаңыздың отбасыларыңызға бірлік пен береке, амандық, баянды бақыт тілейміз.

Аманжол МЫРЗАБЕКОВ,  
Ұлытау ауданының әкімі.  
Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ,  
аудандық мәслихаттың төрағасы.



# ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ БӘРІНЕН ДЕ ЖОҒАРЫ – жарияланған жаңа Конституция жобасының ерекшелігі



*Мемлекет пен оның халқының, демек, жеке өзінің де ертеңіне селқос қарамайтын қалың қауымның Ата Заңның жаңғыртылған жобасын қабылдау мақсатында биылғы жылдың 15 наурызы күні өткізілетін референдумды ұлттың түпкі мүддесіне қатысты таңдау жасайтын маңызды сәт деп бағамдайтыны күмәнсіз. Бұл тұжырымның астарында өзіміз етене танып, жақын араластырып алыс-жақындағы ағайынның бір арнаға тоғысқан ортақ пікірі жатыр.*

Тәслима ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ

Қай жағынан алып қарастырсақ та, референдум өтетін күн – кімнің де болсын, артық пен кемді терең пайым тұрғысынан зерделеп, түбегейлі шешім қабылдайтын шағы. Өз ойымды бүкпесіз айтар болсам, сындарлы сәтте жалпы халықтың оң шешім қабылдарына сенімдімін. Өйткені, мемлекеттің жоғары деңгейлі басшылығы тарапынан қозғау салынатын кез келген жаңа бастама жаңғыру мен одан әрі даму мақсатында алға тартылатыны үлкенге де кішіге де жақсы мәлім. Ал, Ата Заң жобасына енгізілген өзгерістер – осы бағыттағы қадамдарға жол ашудың негізі.

Жаңа Конституция жобасындағы баптардың қай-қайсы болсын мейлі, ұлттық мүддені меже тұтатыны айқын аңғарылады. Мұны нақтылау үшін жаңа үлгідегі Ата Заңның жекелеген баптарына шолу жасап



көрелік. Мәселен, «Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», «Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі», «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі». Міне, осының бәрі – жоғарыдағы кесімді пікірдің айшықты айғағы.

Сондықтан, елдің ертеңі үшін жауапты

сәтте қалың қауым болып, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» білу – өте маңызды қажеттілік.

Біз – ықылым замандардан бері елдік мұрат бағдарынан таймаған халықпыз. Ал, «елдік мұрат» пен «ұлттық мүдде» ұстанымдары – мағыналас ұғымдар.

Ендеше, осынау ұстанымдар айғақтар сәт – Референдум өтетін күн!

Бұл – азаматтық парыз!  
Бұл – елдің келер күндердегі одан әрі даму жолы!

## Ұлы Дала – жаңа Ата Заң жобасында шегеленген ҰҒЫМ

*Санаулы күндерден кейін қазақ халқының мыңжылдық тарихы мен ұлттық болмысын айшықтайтын жаңа мазмұндағы Конституция жобасы қабылданады. 15 наурызда референдумға шығарылатын жаңа Ата Заңның мәтіні мемлекеттіліктің тарихи негізін, ұлттық бірегейлікті және болашақ даму бағытын айқындайтын маңызды құжат болмақ.*

Ізтай БЕЛГБАЙҰЛЫ

Жаңа Конституция жобасының преамбуласында алғаш рет «Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтау» туралы нақты тұжырым енгізілді. Бұл – қазақ халқының тарих сахнасына кеше ғана шыққан жас ұлт емес, тамыры тереңге жайылған, ғасырлар қойнауынан жеткен өркениетті халық екенін заң жүзінде мойындау.

Жаңа преамбула «Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап...» деп басталады. Мұнда мемлекеттің унитарлық сипаты, шекарасының мызғымастығы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, бірлік пен ынтымақ қағидаттары, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтары, табиғатты қорғау және бейбітшілікке ұмтылу сияқты маңызды қағидаттар айқын көрсетілген.

Ғалымдардың пікірінше, жаңа Конституция жобасы ұлттық тарихи сананы жаңғыртуға ерекше мән береді. Мәселен, бұрынғы 1995 жылғы Конституциядағы «ортақ тарихи тағдыр біріктірген» деген ұғым жалпылама сипатта болған, ал жаңа мәтінде «Ұлы Даланың мыңжылдық тарихы» ұғымының енгізілуі нақты тарихи-өркениеттік бағдарды айқындайды дейді олар.

«Ұлы Даланың мыңжылдық тарихына» сілтеме жасау арқылы нақты тарихи-өркениеттік бағдар енгізілді. Бұл өрнек символдық әрі мәдени мәнге ие. Преамбула заңдық тұрғыдан бейтарап сипаттамадан кетіп, тарихи нарратив элементімен толықты, – дейді ғалымдар.

Ғалымдардың тағы бір тобы жаңа Конституция жобасының преамбуласында алғаш рет жалпыұлттық құндылықтар айқын белгіленген, бұрынғы Конституция тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңін сипаттаса, жаңа мәтінде қалыптасқан мемлекет пен кемел қоғам бейнесі көрініс табады. Онда еліміздің болашақ даму бағыты мен келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілік айқын көрсетілген, – дейді.

Шын мәнінде, жаңа Конституция жобасы – жаһандық өзгерістер кезеңінде мемлекеттің дамуына бағыт беретін стратегиялық құжат. Оның кіріспесі – өткен тарихтың тағылымын, бүгінгі тәуелсіздіктің нығаюын және болашаққа деген сенімді біріктірген манифест іспетті. Ұлы Дала өркениетінің тарихи сабақтастығын заң жүзінде бекіту – Қазақстан мемлекеттілігінің тамыры тереңде жатқанын айқындайтын маңызды қадам. Бұл – ұлттық сананы жаңғыртып, ел бірлігін нығайтуға бағытталған тарихи шешім.

Сайып келгенде, жаңа Ата Заңның қабылдануы – өткеннің өнегесін, бүгіннің берекесін және ертеңнің сенімін тоғыстырған Ұлы Дала елінің жаңа дәуірге жасаған нық қадамы болмақ.

*«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының Ұлытау өңіріндегі түсіндіру жұмыстары жалғасуда.*

## Конституция жобасын талқылады

Ұлытау аудандық коалиция мүшесі Серік Әбжанов, Байқоңыр ауылдық округінің әкімі Шәріп Бекетов және «Байқоңыр» БПҰ төрағасы Ерден Қасымов Байқоңыр орта мектебінің ұжымымен кездесіп, жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттарын кеңінен талқылады.

Кездесу барысында Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың мән-маңызы, олардың қоғам дамуына, азаматтардың құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін нығайтуға ықпалы жан-жақты түсіндірілді.

Ұстаздар қауымы білім беру саласын қолдау, мәдениет пен өнерді дамыту, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік кепілдіктерді күшейту және азаматтардың құқықтық қорғалу тетіктерін жетілдіру мәселелері бойынша өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Ашық әрі еркін диалог форматында өткен кездесу қорытындысында қатысушылар 2026 жылғы 15 наурызда өтетін республикалық референдумның маңыздылығын ерекше атап өтіп, ел болашағы үшін саналы әрі жауапты таңдау жасауға шақырды. Сонымен қатар, мектеп ұжымы Ата Заң жобасын қолдайтындарын білдіріп, қоғамдағы оң өзгерістерге үлес қосуға дайын екендіктерін жеткізді.

Өз тілшімізден.

### Мереке мерейі

## Көпбалалы аналарға қолдау көрсетіледі

*8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні орай, Ұлытау ауданының көпбалалы аналарына әлеуметтік қолдау шаралары қолға алынды. Аудандық мәслихаттың шешімімен «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған әйелдерге біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі.*



Аталған санаттағы аналарға 20 000 теңгеден төлем жасалады. Аудан бойынша бұл шараға 567 адам қамтылып, жергілікті бюджеттен жалпы 11 340 мың теңге бөлінген.

Облыс деңгейінде алғанда, Ұлытау өңіріндегі «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр ана» және «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған аналардың саны 9 375-ке жетеді. Осы мақсатқа облыстық бюджеттен 187,5 миллион теңгеден астам қаражат қарастырылған. Қазіргі уақытта облыста әйел-

дер мен қыз-келіншектер саны 110 928 адам, бұл өңір халқының 50,7 пайызын құрайды.


Аналарды қолдау, олардың қоғамдағы мәртебесін арттыру және әлеуметтік тұрғыдан қорғау – Ұлытау өңірлік саясатының негізгі бағыттарының бірі. Мұндай шаралар көпбалалы отбасылардың өл-ауқатын жақсартуға және аналардың еңбегін құрметтеуге бағытталған.

Ізтай БЕЛГБАЙҰЛЫ.

Референдум – 2026

# Есептен шығару куәлігін алу және пайдалану тәртібі

**Қазақстанда наурыздың 15 күні Республикалық референдум өтетіні елге мәлім. Бұл – ел өміріндегі ең маңызды саяси науқан. Референдумда әрбір азамат еліміздің жаңа Ата Заңы үшін өз таңдауын жасауға тиіс. Ал, референдум күні дауыс беруші азамат өзі тіркелген жерінен тыс аумақта болатын болса, онда есептен шығару куәлігін пайдалануға болады.**



Есептен шығару куәлігі дауыс беру күні өзі тіркелген учаскесінде бола алмайтын азаматтарға берілетін ресми құжат. Бұл куәлік арқылы дауыс беруші басқа елді мекендегі немесе уақытша болатын жеріндегі референдум учаскесінде дауыс бере алады. Мысалы, іс-сапарларда жүргендер, басқа қалада білім алып жатқан студенттер немесе денсаулығына байланысты басқа аймақта болатын азаматтар осы мүмкіндікті пайдалануға болады. Ол үшін наурыздың 14-і сағат 18:00-ге дейін есептен шығару куәлігін алуыңыз керек. Алдымен, өзіңіздің учаскелік комиссияға жазбаша өтінішпен жүгініп, жеке басыңызды куәландыратын құжатты ұсынуыңыз қажет. Содан кейін дауыс беруші азаматқа комиссия есептен шығару куәлігін табыс етеді. Есептен шығару куәлігін сенім хат негізінде өкіл арқылы да алуға болады. Бірақ, сенімхатқа нотариаттық куәландыру талап

етілмейді. Егер, есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда қайта қалпына келтірілмейді, түпнұсқасы да берілмейді. Бар болғаны, куәлікті бір-ақ рет пайдалануға болады.

Тағы бір айта кетерлігі, бір елді мекен ішіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейтінін еске саламыз.

Ал, дауыс беру кезінде есептен шығару куәлігін алған азамат әуелі өзінің орналасқан жеріндегі учаскеге барып есептен шығару куәлігін көрсетеді. Сол жерде учаскелік комиссия оны дауыс беруге арналған тізімге аты-жөнін енгізеді.

Бұдан кейін жеке басыңызды куәландыратын құжатпен

бірге куәлігіңізді көрсетіп, дауыс беруге мүмкіндік аласыз. Бұл – әр азаматтың конституциялық құқығын жүзеге асыруының кепілі. Есептен шығару куәлігі – ол азаматтардың дауыс беру құқығын толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маңызды құрал. Сондықтан, 2026 жылғы 15 наурызда өтетін республикалық референдумда әрбір азаматтың дауысы – ел болашағы үшін маңызды. Әр азамат қай жерде жүрсе де, өз таңдауын жасауына мүмкіндік бар екенін ұмытпаған абзал.

**Мақсұт АХМЕТОВ,**  
Ұлытау аудандық аумақтық Референдум комиссиясының төрағасы.



## ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап сізге өз учаскенізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18.00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Өрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

## Асыл жандар – құрмет биігінде

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал, аудан әкімінің Алғыс хатына ие болғандардың қатарында Ұлытау ұлттық паркінің қойма меңгерушісі Гауһар Әлиасқарова, Аманкелді ауылдық клуб үйінің техникалық қызмет көрсетушісі Айжан Саханова, №2 Қорғасын орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Жұматаева, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің техникалық қызмет көрсетушісі Орынбасар Көбенова, №5 Ақтас негізгі мектебінің техникалық қызмет көрсетушісі Арай Құлманбаева, №6 Жезді тірек мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Жанат Смағұлова, №15 Жамбыл Жабаев атындағы Қарсақбай тірек мектебінің математика пәні мұғалімі Қалыс Нұржан, аудандық полиция бөлімінің инспекторы, полиция капитаны Асылзат Жаңбыршиева, «Ұлар» бөбекжайының директоры Айнұр Байторина, Ұлытау

ауданының орталық ауруханасының дәрігері Сәния Аманова бар.

Марапаттау рәсімі одан кейінде жалғастып, тағы да асыл жандар құрмет төрінен көрінді. Ұлытау ауданының Қорғаныс істері бөлімінің техникалық қызмет көрсетушісі Айсара Ержанова, №4 Қаракеңгір орта мектебінің техникалық қызмет көрсетушісі Раушан Батырбекова, Сарысу ауылының «Шубай» шаруа қожалығының қызметкері Шұға Мұханбетова, Егінді ауылының «Ерлан» шаруа қожалығының қызметкері Гүлжан Қажымағанбетова – Ұлытау ауданының Құрмет грамотасымен марапатталды. Бұл марапаттарды Ұлытау аудандық мәслихатының төрағасы Ахат Құрмансейітов құттықтау сөз сөйлеп, нәзік жандыларға табыс етті.

«Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеген» әйел – аналардың, арулардың құрметіне арналған салтанатты шара соңы жергілікті өнерпаздардың мерекелік концертіне ұласты.



**Жуырда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ұлытау облысы бойынша филиалында мемлекеттік қызметшілерді жасанды интеллектпен жұмыс істеу дағдыларына үйретуге арналған AI-Qyzmet оқыту бағдарламасы бойынша жиын өтті.**

Бағдарламаның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру және жұмыс процестеріне жасанды интеллект (AI) құралдарын енгізу. Басқарушылық процестерді оңтайландыру, шешім қабылдау сапасын арттыру және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиімділігін жоғарылату мақсатында генеративтік жасанды интеллектті қолдану саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін дамыту

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, әсіресе жасанды интеллект саласында бір миллион адамды оқыту қажеттілігіне ерекше назар аударған болатын.

«Президент жасанды интеллект технологияларын және ауқымды мәліметтер

## Жасанды интеллект дағдыларын меңгеру – заман талабы



қорын – Big Data-ны тиімді пайдалану, заманауи цифрлық технологиялар арқылы халықпен етене байланыс орнату жолдарын жақсарту қажеттілігін алға қойды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметшілердің цифрлық құзыреттерін арттыру бойынша тиісті шаралар қабылдауда. Өт-

кізіліп жатқан оқытулар мемлекеттік аппарат қызметінде жаңа технологияларды тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

AI-Qyzmet оқыту бағдарламасында тыңдаушылар деректерді талдау, әкімшілік процестерді автоматтандыру, шешім қабылдау және өнімділікті арттыру бағытында білімдерін жетілдіріп, жұмыс бары-

сында дұрыс шешім қабылдау қажеттігіне дағыдаланады.

AI-Qyzmet бағдарламасы аясында мемлекеттік қызметшілерге келесі бағыттарда дағдылар үйретілді. Атап айтсақ, ақпаратты өңдеу, жоспарлау, презентациялар дайындау заманауи тілдік модельдермен (ChatGPT секілді) жұмыс істеу, жасанды интеллект жүйелеріне бейімделу қағидадары негізінде болды.

Оқыту Snack Learning форматы бойынша да – қысқа видеодерістер түрінде ұсынылды. Бұл мемлекеттік қызметшілердің жұмыс кестесіне ыңғайлы әрі икемді тәсіл.

Алдағы уақытта бағдарлама аясында шамамен 1200-ге жуық мемлекеттік қызметші оқытудан өтеді деп жоспарлануда.

**Индира ӘДІЛХАНОВА,**  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.



# Ана деген – тіршіліктің тірегі,

Қос ғасырдың куәгері

*Кей ойлар адамды ұзақ уақыт жібермейді екен. Ішінде үнсіз бір шақыру жүргендей болады. Менің де көкейімде сондай ой болды – Әділбек-Сейіт атамның қарындасы Дилаштан тараған Төлеукүл апаммен Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында кездесіп, ұмыт қалған шежіре сырына қанықтым. Бәлкім, жас ұлғайған сайын адам өз тамырының дыбысын анық еститіні шығар.*

## Төлеукүл апаның мен үшін орны бөлек



Бүгінгі күні сол көкейде жүрген ой шындыққа айналды. Төлеукүл жиен апамыз 84 жаста, тоғыз баланың анасы. Ол кісі Шыршық қаласынан арнайы Астанаға келіпті.

Төлеукүл апа 1978 жылы 38 жасында өмірлік жары Ташкентайды мәңгілік мекеніне шығарып салды. Ташкентай Ұлытау өңіріндегі Ақтаз-Әже руынан тараған ұрпақ. Сол кезде Төлеукүл апамыздың қолында сегіз бала, ал құрсағында тағы бір сәби бар болатын. Қандай ауыр кезең десенізші... Бірақ апамыз мойымады. Тағдырдың сынағын үн-түнсіз қабылдап, бар жауапкершілікті өз иығына алды. Бәріне төзді, барлығын еңсерді, аналық жүрек пен

сабыр сақтады. Сөйтіп, жесірліктің тауқыметін тартты, таң сәріден кеш батқанға дейін тыным таппай еңбек етті. Балаларым ештеңеден тар-

шылық көрмесін деп барын салды. Бірақ, оларды өсіріп-жеткізіп қана қойған жоқ, әрқайсына бағыт-бағдар беріп, адамгершілік пен білімге бау-

лады. Сол арқылы олар жоғары оқу орындарын тәмамдап, бірі мұғалім, бірі дәрігер, бірі инженер, бірі кенші болып, өз мамандықтары бойынша елге қызмет етіп жүр.

Бүгінде апамыздың тоғыз перзенттері - Шынар, Орманбек, Марат, Жанат, Асқарбек, Болат, Манат, Шырынкүл, Шыныбек - Ұлытау өңірінде және өзге аймақтарда шаңырақ көтеріп, тамырын тереңге жайған әулетке айналды.

Сол күні Төлеукүл апамызбен ұзақ әңгімелестік. Әңгіме барысында әр сөз - бір дәуірдің сыры, әр естелік - өткен күннің ізі сияқты көрінді маған. Төлеукүл ападан Әбдіхалық атаның өмір жолын сұрадым. Апам кейде ойға батып, алыстағы жылдарға үнсіз сапар шеккендей болды. Менде үнсіз тыңдадық. Кей әңгімелері анық, кейбіреуі көмескі, бірақ бәрінің астарында жылылық бар сияқты. Көріліктің белгісі ғой, Төлеукүл апамыздың құлағы да ауырлау естиді. Дегенмен, бұл біздің түсінісуімізге кедергі болмады. Кейде адам сөзден бұрын ниетпен ұғысуды ғой. Біз де бір-бірімізді дауыспен емес, жүрекпен сезінгендей болдық. Арамызда көзге көрінбейтін бір жіп тартылып тұрғандай әсер қалдырды, ол өткен мен бүгінгіні жалғап тұрған жіп сияқты. Іштей Әділбек-Сейіт

атам мен Қуаныш әжемнің рухына дұға бағыштадым. «Риза болсын, ұрпағына медет берсін» деп тіледім. Мұндай басқосулар тек әңгіме емес, бір аманат, бір тарих қой.

Төлеукүл апамыздың ғұмыры ұзақ, дені сау болсын деп тіледім. Бала-шағасының бағы жанып, жолдары жарық болғай. Өмір әлшеулі екенін бәріміз де білеміз, бірақ, кей сәттер оның мәнін тереңдете түсетіні рас. Сол күні апамызбен әңгімелесіп, біраз әңгіме-дүкен құрдық. Бір қарағанда бұл шағын кездесу сияқты, бірақ тарих дәл осылай - үнсіз, асықпай, бір үйдің төрінде жалғасып жатады.

Енді міне, көктемнің шуақты мерекесі - 8 наурызда келіп жетті. Халықаралық әйелдер күні мерекесімен Ұлытау ауданының ардақты аналары мен аруларын шын жүректен құттықтаймын! Күн жылына бастағанда жүрек өзінен-өзі жылы сөздер айтқысы келеді. Менде жерлестеріме жылы лебізімді білдіргім келіп отыр. Әр шаңыраққа татулық пен береке орнасын, денсаулықтарыңыз мықты болсын, жүректеріңізде ертеңгі күнге деген сенім нық болсын. Баршаңызға бақ-береке, қуаныш пен амандық тілеймін.

Ерғали ҚАСЫМБЕК.

Өмірдің мәні – әйелде

## Қазақ әйелі – ұлттың ұйытқысы, рухтың тірегі

*Қазақ даласының тарихын парақтасақ, әр кезеңнің шежіресінен әйел бейнесі айқын көрінеді. Ол – тек отбасының шырақшысы ғана емес, елдік мүддені қорғаған қайраткер, парасатымен жұртты ұйыстырған дана, қажет кезде ермен бірге атқа қонған батыр. Қазақ қоғамында «әйел» ұғымы нәзіктікпен қатар, төзімділік пен рух мықтылығын да білдіреді.*

